ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының, Қазақстан Журналистика академиясының толық мүшесі, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің профессоры, халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері Бауыржан Өміржанұлы ЖАҚЫП – 60 жаста!

Құрметті Бауыржан Өміржанұлы! Өзіңіз білім алған қара шаңырақ - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да сонау 1986 жылдан бері қырық жылдан астам уақыт жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісіне үздіксіз белсене атсалысып келесіз! Ұстаздық қызметте оқытушылықтан профессор ғылыми атағына дейін жоғарылап қана қоймай, факультет жұмысын ұйымдастыру, басқару қызметіне де үлкен қажыр-қайратпен, бел шеше араласып, «Журналистік шеберлік және әдеби редакциялау», «Баспа ісі», «Мерзімді баспасөз» кафедраларының меңгерушісі, журналистика факультетінің деканы лауазымдарын абыроймен атқардыңыз.

Журналистика ғылымында да сіздің зерттеулеріңіздің өзіндік орны бар. 1994 жылы профессор Т.С. Амандосовтың жетекшілігімен қорғаған «Мұхтар Әуезов – публицист» атты кандидаттық, 2004 жылы академик З.Қабдоловтың жетекшілігімен қорғаған «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты докторлық диссертацияларыңыз қазақ журналистика ғылымына қосылған елеулі еңбектер.

Еңбек жолыңызды қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясынан бастағаннан бері сіз қазақ журналистикасына да үздіксіз үлес қосып келесіз. Өзіңіз әзірлеп, жүргізген «Дидар» әдеби телеальманағы, «Халық қазынасы», «Жыр жазамын жүрегімнен», «Өлең – сөздің патшасы», «Баспасөзге шолу» циклді хабарлары өз кезінде көрермен көңілінен шығып, жоғары бағасын алған еді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары ретінде қазақ әдебиетінің қара шаңырағы – Жазушылар Одағының жұмысын жандандыруға қаламгер қауымының мәселелерін шешуге белсене араласып, азаматтық пен қамқорлықтың үлгісін танытып жүрсіз.

Қадірлі БАУЫРЖАН ӨМІРЖАНҰЛЫ! Абай ғылыми-зерттеу институтының ұжымы Сізді мерейлі де берекелі алты белесіңіз – 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Ұлттық әдебиет мен руханиятқа, гуманитарлық ғылымға толымды үлес қосып келе жатқан, ел мұраты жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан қайраткерлігіңіз, қажыр-қайратыңыз ортаймасын, алты белесіңіз сізді жаңа биіктерге бастасын!

Деніңіз сау болып, шығармашылық ізденістеріңіз арта берсін, тәуелсіз қазақ елінің дамуына үлес қоса беріңіз!

Абай ҒЗИ ұжымы